

ЕЫСҚА ТОЛЫ

80

ЖЫЛ
ЖЕТ УСПЕХА
YEARS OF LEADERSHIP



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТИ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ИССЛЕДОВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЯ

ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАТЫНАСТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор
НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

14 мамыр 2014 жыл

ОТНОШЕНИЯ КИТАЯ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции,
посвященной 60-летию юбилею
доктора исторических наук, профессора
НАБИЖАН МУКАМЕТХАНУЛЫ

14 мая 2014 года

Алматы 2014

Макашева К.Н., Каримсаков А.О. Еуропалық Одақтың ортақ сыртқы саясатындағы дағдарысы (Ливия тәжірибесі)	205
Деловарова Л.Ф. Шанхайской организации сотрудничества некоторые аспекты развития сотрудничества в сфере регулирования миграционных потоков в рамках	209
Абдыхалықов Қ.С. Тибет және Шыңжаң жеріндегі Қытай мен Үндістан арасындағы шекаралық мәселелер	210

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ *АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ*

Аубакирова А.А. Геополитическое и экономическое сотрудничество Казахстана и Китая	216
Изимов Р.Ю. Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и Синьцзяна	219
Медуханова Л. А. Инвестиции Китая в несырьевой сектор экономики Казахстана: современные направления и перспективы	222
Омарова М.А. Орталық Азия елдерінің экономикасына бағытталған Қытай инвестициялары	226
Иембекова М.О. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы Қытайдың экономикалық мүддесі	230
Чжан Юйянь Благоприятные условия сотрудничества Китая и Казахстана в строительстве Экономического пояса на Шелковом пути	233
Мұқаметханұлы Н., Рахымұлы А. Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымындағы тәжірибесі	237
Елемесов Р.Е., Машымбай С.Н. Казахстан в Таможенном Союзе: противоречия и перспективы развития	243
Байгісіев М.К. Мемлекет пен рынок арақатысы туралы теориялар	245
Байгісіев М.К., Оспанбаев Ж.А. Адами капитал теориясының эволюциясы	248
Ондаш А. Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму теориясы мен тәжірибесін талдау	251
Момынқұлов Ж.Б., Есбаева А.Х. Еуразия экономикалық одағына реалистік талдау	254

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ *АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА*

Аюпова З.К., Кусаинов Д.У. К истории становления таможенного дела как основы укрепления экономической политики казахстанско-китайских отношений	257
Самалдыков М.К. Антитеррористический потенциал ШОС	263
Айдарбаев С.Ж., Оңғаров Ә.А. Халықаралық шарт жасау үдерісінің басталуы	267
Досымбекова М.С., Карабалаев К. Международно-правовые и национально-правовые основы ответственности за нарушение режима государственной границы Республики Казахстан	269
Машимбаева Г.А., Мухаметкалиева А.М. Правовые последствия предстоящего вступления Республики Казахстан во Всемирную Торговую Организацию для Таможенного союза	272
Айдарбаев С.Ж., Аширов С. Хельсинки үдерісі басталуының тарихи және саяси қырлары	275
Сайрамбаева Ж.Т., Момбаев С.Т. Еуропалық Одақтың білім беру қызметінің даму тарихы	278
Ергобек Ш.К., Алтаева К.Ж. Опыт применения правил по оценке ущерба природной среде в развитых странах: проблемы теории и практики	283
Ахатов У.А., Ондашұлы Е. Түркістан АССР-інің алғашқы конституциясының саяси және құқықтық ерекшеліктері	286
Жунисов Ж.С. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын гармонизациялау	289
Даркенбаев А.И., Дауренбекова А. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық құқықтың өзекті мәселелерінің негізгі қырлары	291
Машимбаева Г.А., Сагимұльдина Н. Т. Правовой статус органов наднационального строительства: Европейская Комиссия и Евразийская Экономическая Комиссия	294
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ	297

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Білім саласы Еуропалық Одаққа мүше-мемлекеттер үкіметінің басты міндеттері болып табылады. Дегенмен, ұйымға мүше мемлекеттердің білім беру жүйесі өзінің құрылымы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Атап айтқанда, Еуропалық Одақ мемлекеттерінде білім саласын қаржыландыратын, білім сапасын бағалау мен алынған білімді тексеретін, осы саланы басқаратын сан алуан басқарамалар бар. Еуропалық Одақ ауқымында білім саласы жылдам қарқынмен дамып келеді. Еуропалық Одақ мемлекеттері әрқайсысы жеке-жеке өздерінің білім беру жүйесін қаржыландыру саласына жауап бере отырып, сонымен бір мезетте ұйым шеңберінде (ЕО) көпұлтты білім жүйесінің қалыптасуына және елдер арасында әріптестік байланыстарды орнатуға жағдай жасап отыр. Мысалы, студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдар арасында Еуропалық Одақ ауқымында білім алмасу мен ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізудің тиімді жүйесі қалыптасқан. Сондай-ақ жастар шетелдерде білім ала отырып, оқыту мен білім алудың жаңашылдық жобаларына, академиялық және кәсіби сараптаудың жүйелік жұмыстарына тікелей қатынасулары үшін кең мүмкіндіктерді иемденеді. Соңғы кездері Еуропалық Одақ елдері арасында ғылыми және білім беру сипатындағы трансшекаралық мәселелерді, яғни білім саласындағы жаңа технологиялар мен біліктілікті халықаралық тұрғыда өзара мойындау, ымыраласу мен өзара салыстырудың платформаларын, білім саласының тиімділігін бағалау, аталған салада бірлескен саясат қалыптастыру бағытында келелі істер атқарылып жатыр. Еуропалық Одақ шеңберінде білім саласында бірлескен саясат қалыптастыру үдерісі ашық өзара келісулер мен кең көлемдегі кеңесулерге негізделген. Бұл саясат Ақ кітапта, декларациялар мен шешімдерде көрініс тапқан. Еуропалық Одақ мемлекеттерінің ұлттық білім беру жүйелері арасындағы өзара келісулердің және жалпы еуропалық кеңістікте жоғары білім алудың жарқын мысалы Болон үдерісі мен кәсіби білім мен оқыту саласындағы Брюгге-копенгагендік үдеріс болып табылады. Аталған екі үдеріс 2010 жылға қарай Еуропа азаматтарының жоғары білім мен кәсіби білім саласында кез-келген оқу орындарын емін-еркін таңдауларына, өздері таңдаған елдерде жұмыс істеулеріне, кәсіпкерлікпен шұғылдануларына мүмкіндік беретін еуропалық білім беру саласын қалыптастыруға бағытталған [1,84].

XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңына таман Еуропада ұлттық білім беру жүйелерін біртіндеп және сақтықпен жетілдіру қадамдары осы саланы дамытуда жаңадан пайда болған талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан келеңсіз жағдай қалыптасты. Еуропа елдері әлемдік білім беру жүйесі арасындағы өздерінің жетістіктерінде орасан зор алшақтық бар екендіктеріне көздері жетті. Атап айтқанда, Еуропалық мемлекеттерде даярланған мамандарға деген әлемдік қоғамдастық тарапынан сұраныстың төмен екендігі белгілі болды. Бұл жағдай Болон үдерісі деген атпен белгілі Еуропаның жоғары білім саласын дамытудың ұстанымды жаңа фазасына көшуге түрткі болды [2,112].

Еуропада жоғары білім саласы білім беру жүйесіндегі мейлінше серпінді түрде жаңарып келе жатқан салаға айналды. Болжам бойынша таяудағы 5-10 жылда жоғары дамыған елдердегі индустриядағы жұмыс күшінің құрылымы 5% -ға қысқаруы мүмкін. Бұл жұмыс күшінің қысқаруына жағдай тудыратын жоғары технологиялардың пайда болуы арқасында мүмкін болмақ. Сондықтан қысқаратын 5% жұмыс күші тек өздерінің орта мектепте алған білімдерімен шектелетіндер болып отыр. Ал қалған жұмысшылар мектептен кейінгі байыпты білім алуға талпынатындар. Осылайша, жоғары білім салсына техникумдар да енгізілетін Еуропада жоғары білім алу шын мәнінде бұқаралық сипат алуы мүмкін.

Сонымен бірге, соңғы 10 жылда АҚШ-тағы адами капиталдың (халықтың білім жинақтауы мен дағдылар қалыптастыруы) ұлттық жиынтық өнімді қалыптастырудағы үлесі 2%-ға артып, 82%-ды құрайтындығын экономикалық санақтар көрсетіп отыр. Ал қалған 18% физикалық капитал мен табиғи факторлардың үлесінде. Бұл дегеніміз әлемдік білім мен экономиканың дамуында қызметкерлердің кәсіби даярлығының біліктілігі арта түскендігінің және олардың қосқан үлесінің қомақты екендігін көрсетеді.

Жоғары білім алудың бұқаралық сипаты және оның салдары ретінде экономиканың дамуына қосылған үлестің арта түсуі, Еуропа елдерінің білім жүйесінің терең модернизациялануына алып келген ең басты себеп болды. Еуропа елдері білім жүйесін терең модернизациялауды 2010 жылға дейін аяқтауды көздеді [3,141].

1999 жылдың 19 маусымында, яғни Сорбондық Декларацияға бір жыл толған соң, Еуропаның 29 мемлекетінің Жоғары білім министрлері Болондық декларацияға қол қойды. Министрлер 2010 жылға

Еуропалық біртұтас білім кеңістігін құрудың маңызды мақсаттары жөнінде уағдаласты. 2001 жылдың 19 мамырында Прагада өткен бірінші конференцияда олар маңызды мақсаттардың тізімін қабылдап, 2010 жылға қарай жоғары білім кеңістігін құру шараларын жүзеге асыруға даярлықтарын растады. 2003 жылдың 19 қыркүйегінде Еуропалық 33 мемлекеттің Жоғары білім министрлері Берлинде бас қосып, қол жеткізген жетістіктерді талқыға салып, алдағы жылдардың басымдықтарын жаңа талаптарға сай беәмдеп оларды нақтылады. Бұл басымдықтар Еуропалық жоғары білім кеңістігін құру үдерісін жеңілдетуге бағытталды.

Олар келесідей ережелер, принциптер мен басымдықтар бойынша уағдаластыққа қол жеткізді. Айтқанда, Министрлер Болондық үдерістің әлеуметтік құрамының маңыздылығын растады. Бұл ең алдымен Еуропалық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік сипатын жақсартуға. Еуропалық жоғары білім әлеуметтік ұйысуды нығайтуға бағыттала отырып, елдер арасында, әсіресе, жалпы еуропалық деңгейде әлеуметтік және гендерлік теңсіздікті қысқартуға қол жеткізуі тиіс. Осыған орай, Министрлер өздерінің жоғары білімге қатысты көзқарастарын баян-дады. Атап айтқанда, олар жоғары білімнің қоғамдық игілік ретіндегі маңызын растап, оның қоғамдық өміршілігін мойындады. Сонымен қатар, Министрлер академиялық ынтымақтастық пен академиялық құндылықтармен халықаралық деңгейде алмасудың маңыздылығын атап өтті. Бұл арада Болондық Кеңестің Лиссабондағы (2000 ж.) және Барселонадағы (2002 ж.) шешімдеріне жеткілікті мән берілді. Ал аталған шешімдердің негізгі мақсаты Еуропаны әлемдегі бәсекеге ең қабілетті және серпінді дамушы экономикалық аймаққа айналдыру болатын. Өз кезегінде жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу білім мен тұрақты экономикалық өсімге, еңбек нарығын дамытуға және мейлінше әлеуметтік ұйысуға негізделуі тиіс болды. Осы мақсаттарға қол жеткізу сапалы білім және кәсіби білім беру саласы қамтамасыз етілген жағдайда мүмкін болатын. Ал ол үшін жоғары үдерісі шеңберінде тығыз ынтымақтастық байланыстар орнатуда шешуші қадамдарға бару қажет етілетіндегі де атап өтілді. Сондай-ақ Болондық топтың даярлаған Есебінің маңыздылығы атап өтілді. Себебі, аталған Есепте Болондық үдеріс барысында Прага конференциясы мен Болондағы басқосу аралығында қол жеткізілген жетістіктер мен табыстар көрініс тапқан болатын. Ал Болон саласындағы жетістіктер Еуропалық Университеттердің Ассоциациясы даярлаған Үрдіс III Есебіне көрсетілген болатын. Сондай-ақ Есепке, бірнеше мүше-мемлекеттер мен жоғары оқу орындарының ұйымдардың Прага конференциясы мен Берлин басқосуы аралығында жұмыс бағдарламасы бойынша ұйымдастырған семинарлардың да нәтижелері енді. Есептің басты құндылығы да осылар болып табылды. Сонымен бірге, Министрлер Еуропалық Одақтың жоғары білім мен зерттеу саласы арасында мейлінше тығыз байланыстарды орнату үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырудың қажеттілігін мойындады. Осы айтылғандарды жүзеге асыру барысында Еуропаның мәдени байлығы мен лингвистикалық көптүрлігін сақтау айрықша мақсат екендігі де аталып өтті. Себебі, Еуропаның бай мәдениеті мен тілдік саналуандылығы еуропалық азаматтардың басты құндылықтарының бірі, сондықтан Еуропа елдерінің жоғары оқу орындары арасында ынтымақтас-мәдениет пен тілдерді сақтап, оны дамытуда осы салада жинақталған мол тәжірибеге арқа сүйенуі тиіс. Осындай жағдайдың сақталынуы, Еуропалық мәдениет пен әлеуметтік-экономикалық өмірді арттыруға қажетті алғышарттарды қалыптастырып дамытуға өзінің себін тигізеді [4,96].

Сонымен бірге жоғары білім сапасы Еуропалық жоғары білім кеңістігін құрудың негізінде болып табылады. Жалпы айтқанда, білім сапасы жүйесін институциональды, ұлттық және Еуропалық деңгейде қамтамасыз қарай дамыту мәселесін талқылауға көп көңіл бөлінуде. Бұл тұста сапаны қамтамасыз етудің негізін мойындалған өлшемдері мен методологияларын дамытудың қажеттілігі де атап өтілді. Сондай-ақ осы мәселеде білім сапасын қамтамасыз етудегі негізгі жауапкершілік институциональды және академиялық принциптеріне сәйкес жоғары оқу орындарына жүктелгенімен және жоғары оқу орындарының академиялық академиялық жүйенің сапасын қалыптастыруды да өз жауапкершілігіне алады [4,96]. Осыған сәйкесінше, 2005 жылға қарай сапаны қамтамасыз етуге тиісті мемлекеттік жүйе құрылуы тиіс:

- білім сапасын қамтамасыз етуші органдар мен мекемелердің жауапкершілігін белгілеуді;
- білім сапасын ішкі бағалау, сыртқы талдау, оған студенттердің қатысуы және білім сапасын бағалау көрініс тапқан бағдарламалар мен мекемелерді бағалауды;
- аккредитациялау, сертификаттау немесе осы іспеттес процедуралар жүйесін;
- ынтымақтастық пен әріптестіктің халықаралық қызметіне қатысуды кірістіруі тиіс.

Еуропалық Одақ мемлекеттері үшін маңызды саналатын 1957 жылғы Рим шартында еуропалық білімнің интеграциялық мақсаттарына қол жеткізудегі білім саласының маңыздылығы көрініс тапқан болатын. Бұл үлкен оққылықтың орны Маастрихт шартына қол қойған соң толтырыла бастады. Бірақ Рим шартында, Министрлер кеңесіне сәйкесінше шешімдер қабылдау, сондай-ақ жұмысшылар мен

қызметкерлердің Еуропалық Қауымдастықтың территориясында еркін жүріп-тұруы және бәсекелік негізде еркін түрде «кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін» жұмысқа орналасу құқығына рұқсат беру күзіреттілігі тұжырымдалды.

Кейіннен ЕЭҚ-тың Министрлер Кеңесі дипломдар мен сертификаттарды және «формальды кәсібилік жөніндегі өзгеде куәліктерді өзара мойындау үшін дерективалар шығара алатындығы декларацияланды». Сонымен бір мезетте Рим шартының «Әлеуметтік саясат» деп аталатын бөлімінде Еуропалық Комиссияның міндеттері: «мүше-мемлекеттер арасында әлеуметтік салада, әсіресе, бастауыш және жоғары кәсіби даярлық мәселесінде тығыз ынтымақтастуға қолғабыс көрсету, сондай-ақ білім сапасын көтеру саласында мемлекетаралық ынтымақтастыққа шақыру» ретінде анықталды.

Біртұтас Еуропа құру идеясы еуропалық құрлықта алғашқы қантөгіс оқиғалар орын алған кезде көтерілген болатын. Еуропаны біріктіру жөніндегі алғашқы жобалар XIII-XV ғғ. қойнауына кетеді. Бұл жобаны алғаш рет француз королінің прокуроры П.дю Буй мен чех королі Й. Подебрад ұсынған болатын. Кейіннен осы іспеттес жобаны ағылшын саяси қайраткерлері мен ойшылдары У. Пенн мен Дж. Беллер, француздар Ш.де Сен-Пьер мен В. Гюго, немістің ұлы философы И. Кант пен өзге де көптеген сол замандағы қайраткер-ойшылдар ұсынды. XX ғ. 20-30 жж.яғни, соғыс аралық кезеңде еуропеизм ең алдымен австриялық граф «Пан-Европа» кітабының авторы Р. Куденхове мен Францияның сыртқы істер министрі А. Брианның есімдерімен байланысты болды. Алайда ол кезде біртұтас Еуропа құру идеясы сәтсіздікке ұшырады. Аталмыш идея соғыстың алдын-алу және Еуропа халықтарының екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ынтымақтастығын жандандыру мақсатында көтерілді. Ялта мен Потсдамда қол қойылған құжаттар соғыстан кейінгі әлемдік тәртіппен Еуропадағы соғыстан кейінгі жағдайды реттеуге жағдай жасап, белгілі бір деңгейде ынтымақтастыққа алғышарттар қалап бергенімен, блоктық (НАТО, ВШҰ) тіке-тірес кейінгі жылдары бұндай ынтымақтастықты жоққа шығарды. Антифитлерлік коалицияның орнына екі лагерьге бөлінген Еуропа пайда болды. Еуропа тарихында қырық бас жылға созылған «қырғи-қабақ» соғыс келді.

XX ғ. 50-шы жж. құрылтайшы үш шарттың (сәйкесінше ЕКББ, ЕЭҚ, Еуратом) негізінде үш Еуропалық Қауымдастық құрылды. Аталған қауымдастықтар мемлекетаралық және ұлтүстілік сипаты бар интеграциялық бірлестіктерді білдірді. Сонымен бірге бұл қауымдастықтарда Еуропалық қауымдастықтар Соты бекіткендей, не ұлттық не халықаралық құқықпен идентификацияланбайтын жаңа құқықтық тәртіп іске асырылды. Осылайша, Еуропалық құқық – бұл айрықша дербес құқықтық жүйеге айналды.

Қазіргі кезде Еуропалық қауымдастықтар ешбір халықаралық ұйым иемдене алмайтын өкілеттіктерге ие.

1) Еуропалық қауымдастықтар Еуропалық Одақ сияқты мүше-мемлекеттердің территориясынан құралған өзінің территориясын иемденеді. Еуропалық Одақтың территориясы – бұл Еуропалық Одақ юрисдикциясы, мысалы, кедендік одақ, ортақ нарық, ЭВО және т.б. әрекет етуші аумақ болып саналады.

2) Еуропалық қауымдастықтар мүше-мемлекеттер берген құқықтар мен өкілеттіктерді іске асыратын институттар жүйесін иеленеді. Қауымдастықтар және Еуропалық Одақ ауқымында кезкелген халықаралық ұйымдардың шеңберінен шығып кететін институттар құрылған. Еуропалық Одақ ауқымында Еуропалық Одақ азаматтары жалпыға бірдей және тіке сайлаулар барысында сайланатын Парламент жұмыс істейді. Бұл көптеген халықаралық делегацияларынан тұрады) тән емес.

3) Еуропалық Одақ ауқымында тәуелсіз соттық орган - Еуропалық Қауымдастықтар Соты жұмыс істейді. Бұл белгі де тек Еуропалық Одақ институттарына тән.

4) Еуропалық Одақ ауқымында азаматтық институт жұмыс істейді. Ешбір халықаралық ұйым құқықтар мен міндеткерлікті тудыратын жеке азаматтығын иемденбейді.

5) Еуропалық Одақ ауқымында ЭВО құрылған, яғни ұлттық ақша жүйесіннің орнын басатын өздік валюта жүйесі мен ақша бірлігі (11 мемлекет кіреді) айналымға енгізілген. Бұл қасиет тек мемлекеттік-құқықтық ұйымдарға ғана тән.

Бүгінгі Еуропалық Одақ халқының жалпы саны 370 миллион адамды құрайтын 27 мемлекеттен тұрады. Бұл әлемдегі ең ірі сауда блогы [6,202].

1993 жылдың 1 қаңтарынан адамдардың еркін жүріп-тұруы мен капитал, қызмет және тауардың айналымына қиындықтар тудыратын барлық кедергілер алынып тасталды. Яғни біртұтас еуропалық нарық қалыптасты. 1993 жылдың 1 қарашасынан яғни, Еуропалық Одақ жөніндегі Маастрихт шартының күшіне енуімен Қауымдастық бірыңғай валютаны айналымға енгізе отырып, экономикалық және валюталық одақ құру бағытында шешуші қадам жасады. Сонымен бір мезетте саяси

одақ құрудың сәті түсті. Маастрихт шарты бойынша мүше-мемлекеттер азаматтары қосымша Еуропалық азаматтық алуға құқылары бар.

Шарттарда көрсетілген мақсаттар (төрт бостандыққа қол жеткізу, яғни адамдар еркін жүріп-тұруы, тауар, капитал және қызметтің еркін айналымы, көптеген салаларда ортақ саясат қалыптастыру және жүргізу) мүше-мемлекеттер егемендігінің бір бөлігін еуропалық институттарға берілуіне алып келеді [7,165].

Қазіргі таңда Еуропалық Одақ өзінің алдына қойған мақсаттарға ортақ саясатты (ауылшаруашылығы, балық аулау, қоршаған ортаны қорғау, көлік қатынасы, сыртқы сауда, даму, бәсекелестік пен аймақтық саясат, энергетика, кедендік одақ), сондай-ақ ортақ жобалар мен бағдарламаларды (ғылыми зерттеулер мен терең зерттеулер, телекоммуникациялар, экономикалық және әлеуметтік ұйысу мақсатында мүше-мемлекеттердің экономикалық саясаттарын үйлестіру, әлеуметтік саясат, экономикалық және валюталық одақ) жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге талпынуда.

Еуропалық Одаққа мәдениеттің саналуандылығы мен оларды құрметтеу тән. Мысалы, Еуропалық Одақ ауқымында қол қойылған әрбір ресми құжат тоғыз ресми тілге аударылуы тиіс. Бұл дегеніміз ЕО шеңберінде тілдерді дамытуға және азшыл халықтардың мәдениетін дамытып, сақтауға үлкен көңіл бөлінетіндігін көрсетеді [8].

Жалпы, біртұтас еуропалық білім жүйесін қалыптастырудағы үдерістің дамуындағы жаңа кезеңді 1998 жылғы кездесуден бастаған жөн. 1998 жылы Ұлыбритания, Германия, Италия және Францияның білім министрлері Парижде Сорбонна университетінің 800-жылдық мерейтойында бас қосып, «Еуропалық жоғары білімнің архитектурасын үйлестіру» жөніндегі декларацияға қол қойды. Декларацияда Еуропаның білім мен еңбекпен қамтуда үлкен өзгерістер дәуіріне аяқ басқандығы көрсетілді. Декларация Еуропалық Одақ елдерінің білім жүйесін мүше-мемлекеттердің ұлттық білім беру жүйелерін модификациялай және академиялық мобильдікті ары қарай дамыта, еуропалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларының бәсекелестігін арттыра отырып, интеграциялауға шақырды [9].

Төрт министрдің мәлімдемелерінде тұжырымдалған бастамалар көпшіліктің қолдауына ие болды. Атап айтқанда, Еуропа аймағы халықаралық ұйымдарының, ұлттық білім министрліктерінің және академиялық қауымдастықтың күш салуымен аталған бастамалар теориялық негіз бен ұйымдастырушылық құрылымға ие болды. Олардың сәтті үйлесімдік табуы «Болон үдерісі» деген атпен белгілі ортақ еуропалық үйдің пайда болуына алып келді. Бұл атаудың өзі Еуропаның 29 мемлекетінің басын 1999 жылдың маусымында итальяндық Болонья қаласында біріктіре отырып, олардың жоғары білім саласындағы тағдырларының бір екендігін меңзеп тұрғандай. Осы кездесуде мүше-мемлекеттердің жоғары білім жүйелерін қайта құрылымдаудың принциптері мен міндеттері тұжырымдалды, осылайша, білім саласында жалпы еуропалық реформалардың басталуына жол ашылды. Сол жылдың қыркүйегінде үдерісті үйлестіретін органдар: Үдерісті басқару және іске асыру Топтары құрылды. Бірінші топ Еуропалық Үштіктің мүшелерінен, Еуропалық Одақ Комиссиясының өкілдерінен және Еуропалық университеттер ассоциациясынан тұрады. Екінші топқа барша мүше-мемлекеттердің өкілдері кіреді [10].

Еуропа Кеңесінің білім саласындағы айтарлықтай орынды уневерситеттік білім және жоғары білімге қатысты біліктілікті өзара мойындау мәселесі алады. Аталған салада Еуропа Кеңесіне мүше-мемлекеттердің өзара әрекеттестігі мен Еуропа Кеңесі және Біріккен Ұлттар Ұйымымен (ЮНЕСКО) білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша байланыстар іске асырылуда. Осы орайда, тараптар БҰҰ-ы Жарғысының мәдениет және білім салаларын реттейтін 55-ші бабын, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі пактінің білім алуға құқық беретін 13-ші бабын, сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның білім саласындағы кемісітушілікке қарсы күрес жөніндегі Конвенциясын басшылыққа алады.

Жалпы Болон үдерісін орталықтандырылған және орталықсыздандырылған күрделі комбинация ретінде сипаттауға болады. Бір жағынан, бұл - білім саласындағы ортақ стратегияның бағыттарын белгілейтін мемлекеттер органдары өкілдерінің тобы болса, екінші жағынан бұл – үдерісті нығайтуға бағытталған өздерінің автономиясы мен бастамалары бар институттар мен университеттерден құралған жоғары білім әлемі болып табылады. Қазіргі кезде бұл қызмет төменнен жоғары қарай дамытылуда. Мемлекет аралық деңгейде Болондық үдеріс білім министрлері деңгейінде 1998 жылы Сорбоннада,

1999 жылы Болоньеде, 2001 жылы Прагада және 2003 жылы Берлинде өткен конференциялардың нәтижесінде дами түсті. Мысалы, Сорбоннада өткен пікірталас нәтижесінде Болондық үдерістің алғашқы сызбасы қалыптасты. Осыдан соң Еуропаның ірі төрт мемлекеті арасында ұйымдасқан үдеріс басталды. 1998 жылдың мамырында қол қойылған Сорбонна Декларациясында

Франция, Италия, Ұлыбритания және Германияның жоғары білім министрлері жоғары білім архитектурасының еуропалық жүйесін келесідей мақсаттар үшін үйлестіру козделді:

- білім дәрежелері мен деңгейлерінің ортақ ауқымына біртіндеп қол жеткізу;
- кәсібилікті өзара мойындаудың жүйесін даярлау;
- студенттер мен оқытушылардың мобильділігіне қолғабыс көрсету.

1999 жылдың маусымында Болоньеде 2010 жылға таман Еуропалық жоғары білім аумағын құру мақсатында декларацияға қол қойылды [11,34]. Аталған декларация ортақ үдерістің қырлы бұрышына айналды. Атап айтқанда, сапа концепциясы, академиялық сапаны ұлғайту арқылы түлектерді жұмыспен қамтудың мүмкіндіктерін кеңейту және өзге елдер мен аймақтардан келгендерді университеттерге қабылдау декларацияның қозғаушы күшне айналды. Болон үдерісі – бірінші кезекте институционалды реформалар болғандықтан, Еуропаның көптеген университеттері өздерінің үкіметтері шешімдер қабылдауын күтпестен осы бағытта өздерінің қызметтерін бастап жіберді. Қазіргі кезде Болондық үдеріс жоғары білімнің:

- түсіндірілімді және салыстырмалы дәрежелерін;
- жоғары білімнің басты екі деңгейін (аяқталмаған жоғары/аяқталған жоғары);
- кредиттер жүйесін;
- мобильдікті;
- сапаны қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықы;
- жоғары білімнің еуропалық өлшемін жүзеге асыруға бағытталған.

Қорыға айтқанда, өзара дипломдарды мойындау саясаты, әсіресе, шағын мемлекеттер үшін аса маңызды болып отыр. Осы орайда, мұндай өзгерістер университеттердің білім сапасының жоғары болуын қадағалауы тиіс екендігін естен шығармаған абзал. Сонымен қатар Еуропа университеттерінің қауымдастығы ұйымы Болондық үдеріс бастамасы аясында білім сапасын тексеруде саяси мәртебені иеленуде.

Сондай-ақ Еуропа университеттері қауымдастығы өкілдерінің сөзіне қарағанда білім сапасын жақсарту деген сөз барлық университеттерге бірдей, ортақ бағдарламаларды енгізу дегенді білдірмейді. Әр елдің мәдени өзгешеліктеріне байланысты түрлі бағдарламалар негізінде білім беру жүргізілуде. Ең басты мақсат - ортақ жүйеге енетін университеттер арасында білім беру үдерісін бір-бірінің өзара түсінулері. Болондық үдеріс бастамасы тек Еуропамен ғана шектеліп қалмай, әлемнің кез-келген түкпіріндегі елдердің білім беру жүйесімен әріптестік орнатуға тырысуда. Қазіргі кезде Болондық үдеріс Еуропа одағына мүше 25 елмен қатар Түркия, Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Қазақстан сияқты елдерді қамтып отыр.

1. UNDP. Human Development Report 1990/New York: Oxford University Press, 1990.

2. Болонский процесс в документах и статьях. (Сорбонна-Болонья-Саламанка-Прага) / сост. Е.В. Шевченко. – Санкт-Петербург: Изд-во СПбГТУ, 2001.

3. Сенашенко В.С., Ткач Г.Ф. Структурные преобразования высшего профессионального образования // проблемы внедрения системы зачетных единиц в высшем профессиональном образовании: Мат-лы к Всемирному совещанию 23 апреля 2003 г. Москва//под ред. В.Н. Чистохвалова. М. РУДН, 2003.

4. Европейские конвенции: образовательные стандарты. Екатеринбург (Россия), 2002.

5. Нагиев Ф.Т. Законодательство зарубежных стран об образовании // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. – М., 1995. Серия 2. - № 1.

6. Кусаинов А.К. Развитие системы образования в ФРГ и Республике Казахстан: Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. – Алматы., 1996.

7. Долженко О. «Болонский процесс» между Куром и Ельчиком или о приоритете дела//Alma Mater (Россия). – 2004.

8. <http://www.Europa.eu.int>

9. Болонский процесс. Зона Европейского высшего образования. Совместное заявление европейских министров образования г. Болонья, 19 июня 1999 года.// Высшая школа Казахстана. – 2004.-№ 1.

10. Образовательные системы стран мира // Сайт Фонда Сорос Казахстан www.bilim.kz/education/

11. Замечания общего порядка № 13. Комитет по экономическим, социальным и культурным правам: право на образование (статья 13) 1999 г. ; Образование в сфере прав человека. Проект УВКПЧ ООН в России. // <http://www.pro-obraz.ru/pravo/>